

**"Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 24 маусымдағы № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 шілдеде № 13865 болып тіркелді

1. «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10120 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Егер сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын есептеу үшін пайдаланылатын сұйытылған мұнай газының бағалары жөніндегі деректер шетел валютасында берілген болса, ағымдағы тоқсанның бірінші айындағы теңгенің осындай шетел валютасына шаққандағы орташа арифметикалық бағамы қ о л д а н ы л а д ы . » ;

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында

о р н а л а с т ы р у д ы ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Энергетика Министрінің м.а. М. Мырзағалиев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і  
Қ. Бишімбаев

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Энергетика министрінің міндетін атқарушының  
2016 жылғы 24 маусымдағы № 271 бұйрығына  
қосымша

Тауарлық және сұйытылған  
мұнай газын ішкі нарықта көтерме  
саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау  
қағидаларына қосымша

### **Ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағасын анықтау**

$$P = (P_w - T R_{ex p}) \times K_{m \text{ ұ н д а ғ ы } ,}$$

P – ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағасы, бір тоннасы үшін теңге ;

$P_w$  – ағымдағы тоқсанның бірінші айындағы бағалардың күнделікті белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні ретінде айқындалатын сұйытылған мұнай газына әлемдік баға, бір тоннасы үшін теңге. Осы тармақтың мақсаттары үшін баға кесу «Argus Media (Russia) Ltd. (Petroleumargus)» компаниясының «Аргус сұйытылған газ және конденсат» ақпарат көзінде жарияланатын ақпараттың негізінде шетел валютасында тәжік-өзбек шекарасындағы (СПБТ даf Беқабад), ал жоғарыда көрсетілген ақпарат көзінде сұйытылған мұнай газына арналған баға туралы ақпарат

болмаған кезде – Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасымен айқындалатын басқа көздердің деректері бойынша сұйытылған мұнай газын бағасының белгіленімін білдіреді;

$TR_{exp}$  – Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге сұйытылған мұнай газын өткізу жөніндегі мәмілелердің мониторингі негізінде уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы тоқсанның бірінші айындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сұйытылған мұнай газын өндіру жөніндегі объектілерден тәжік-өзбек шекарасына дейін сұйытылған мұнай газын тасымалдау жөніндегі орташа арифметикалық шығыстар, бір тоннасы үшін теңге;

$K$  – осы коэффициентті есептеу барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мен жергілікті атқарушы органдардың деректері негізінде алдыңғы өткен күнтізбелік жылда Қазақстан Республикасында жалпы халық саны деңгейіне Қазақстан Республикасында газбен жабдықталған халық саны деңгейінің қатынасын көрсететін түзету коэффициенті.